



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«Алматы облыстық білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің
«Талғар политехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорны

КЕЛІСІЛДІ

Колледж әдіскері
Нүптекеева Б.И. _____
«__» _____ 2017ж.

БЕКІТЕМІН

Колледж директорының
ОЖ орынбасары
Бейсембаева Е.Қ. _____
«__» _____ 2017ж.

АШЫҚ САБАҚ

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ
пәні бойынша

Сабақтың тақырыбы: Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығы

Оқытушы: _____ Молдахметова Б.Е.

ӘБ меңгерушісі: _____ Қойгелдиева Ә.Д.

(қолы)

Тобы: 16- топ

Күні: 24.11.2017

Пәні : Қазақ әдебиеті

Сабақтың тақырыбы: Ахмет Байтұрсынұлының өмірі және шығармашылығы

Сабақтың типі : Жаңа сабақ

Оқыту әдістемесі : жаңа білімді меңгерту

Сабақтың мақсаты:

а) білімдік: Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығымен таныстыру, студенттерге мысал мазмұнын меңгерту; әдеби – теориялық білімін жетілдіру

ә) дамытушылық: студенттердің мәнерлеп, шапшаң оқу дағдыларын жетілдіру, сөздік қорларын байыту, шығармашылықпен жұмыс істеуге үйрету; әдеби сөйлеу біліктіліктерін жетілдіру.

б) тәрбиелік: адамгершілікке, ғылым, білімге бейімдеу; бірлікке, ынтымақтастыққа тәрбиелеу.

Сабақтың әдісі: сұрақ-жауап, әңгімелеу, топпен жұмыс, сын тұрғысынан ойлау стратегиялары

Көрнекіліктер және оқыту құралдары : А.Байтұрсынұлының портреті, тірек сызбалар, интерактивті тақта, семантикалық карта, қосымша материалдар.

Пәнаралық байланыс: Қазақстан тарихы, орыс тілі, қазақ тілі

Сабақтың барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі: оқушылармен амандасу, түгендеу, оқушылардың сабаққа дайындықтарына назар аудару.

2. Жаңа сабақты қабылдауға даярлау немесе мақсат қою: Жаңа сабақтың тақырыбын, мақсаты мен міндеттерін хабарлау.

Жаңа сабақ: Топқа бөлу:

1 топ: Тұлғаны тану.

2 топ: Шығармашылығы.

3 топ: Аудармалары.

3. Жаңа тақырыпты түсіндіру :

Ахмет Байтұрсынұлы (5 қыркүйек 1872 жыл, қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы Сарытүбек ауылы – 8 желтоқсан 1937, Алматы қаласы) — қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері. Қазақ халқының 20 ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алаш-Орда өкіметінің мүшесі.

Атасы Шошақ немересі Ахмет өмірге келгенде ауыл ақсақалдарынан бата алып, азан шақырып атын қойған. Әкесінің інісі Ерғазы Ахметті Торғайдағы 2 сыныптық орыс-қазақ мектебіне береді. Оны 1891 жылы бітіріп, Орынбордағы 4 жылдық мектепке оқуға түседі. 1895-1909 жылы Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі орыс-қазақ мектептерінде оқытушы, Қарқаралы қалалық училищесінде меңгеруші қызметін атқарады. Ол өте кеменгер, білімді тұлғаның бірі болған.

Байтұрсынұлының саяси қызмет жолына түсуі 1905 жылға тұс келеді. 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, 14500 адам қол қойған Қарқаралы петициясы (арыз-тілегі) авторларының бірі Байтұрсынұлы болды. Қарқаралы петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, күні өткен Дала ережесін қазақ елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру мәселелері көтерілді. Онда қазақ даласына орыс шаруаларын қоныс аударуды үзілді-кесілді тоқтату талап етілген болатын. Сол кезеңнен бастап жандармдық бақылауға алынған Байтұрсынұлы 1909 жылы 1 шілдеде губернатор Тройницкийдің бұйрығымен тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылды. Ресей ІІМ-нің Ерекше Кеңесі 1910 жылы 19 ақпанда Байтұрсынұлын қазақ облыстарынан тыс жерге жер аудару жөнінде шешім қабылдады. Осы шешімге сәйкес Байтұрсынұлы Орынборға 1910 жылы 9 наурызда келіп, 1917 жылдың соңына дейін сонда тұрды. Байтұрсынұлы өмірінің Орынбор кезеңі оның қоғамдық-саяси қызметінің аса құнарлы шағы болды. Ол осы қалада 1913–1918 жылы өзінің ең жақын сенімді достары Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлымен бірігіп, сондай-ақ қалың қазақ зиялыларының қолдауына сүйеніп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарып тұрды. Газет қазақ халқын өнер, білімді игеруге шақырды.

Байтұрсынұлының Орынбордағы өмірі мен қызметі Ресей үкіметінің қатаң жандармдық бақылауында болды. Ол «Қазаққа» жабылған негізсіз жала салдарынан абақтыға отырып шықты. Байтұрсынұлы 1917 жылы рев. өзгерістер арнасында өмірге келіп, қазақ тарихында терең із қалдырған Қазақ съездері мен Қазақ комитеттері сияқты тарихи құбылыстың қалың ортасында жүрді, оларға тікелей араласып, «Қазақ газеті» арқылы саяси теориялық бағыт-бағдар беріп отырды.


Байтұрсынұлы Алаш партиясы бағдарламасын даярлаған шағын топтың құрамында болды. Байтұрсынұлы пен Дулатұлы қазақ арасында бұрыннан келе жатқан ру – жүзаралық алауыздыққа байланысты Алаш Орда үкіметінің құрамына саналы түрде енбей қалды, бірақ олардың қазақ ұлттық мемлекеттік идеясын жасаушы топтың ішінде болғандығын замандастары жақсы біліп, мойындады.



сурет аркылы ақын бейнесін ашу

Миға шабуыл.

1. Тұлғаны тану.
2. Ахмет Байтұрсынұлы туралы не білесіңдер?
3. Қандай шығармаларын айта аласыңдар?



«Ой қозғау» стратегиясы

1-топ

«Нені білеміз?» (өткенді қайталау және Ахмет өміріне шолу сұрақтары)

1. «Маса» жинағының негізгі идеялық қазығы?
2. Мұхтар Әуезов Ахметке қандай баға берді?

2- топ

1. Ахметтің қандай өлеңдер жинағы бар? Қазақ графикасына қосқан үлесі?
2. Жатқа бір өлеңін оқып беріңдер?

3-топ

1. Ахмет орыс ақындарынан кімдердің шығармаларын аударған?
2. Ахметтің ұстаздық қызметі жайында не білесіңдер?

2- ТАПСЫРМА барлық топтарға

«Жылдар сөйлейді» семантикалық карта толтырамыз.

1913-1918	«Қазак» газетінде редактор
1873	Ауыл мектебінен сауат ашқан жылы
1926	"Бірінші Түркологиялық Құрылтайдың" төралқа мүшесі
1895	Мұғалімдік қызметі
1891-1895	Орынборда білім алуы
1909	40 мысал
1886-1891	Дүниеге келген жылы
1998	125 жылдық мерейтойы
1932	3 жылға Архангельскіге жер аударылады.

Әдеби термин

Мысал- қызықты қысқа шығарма. Мысал өлеңмен де, қара сөзбен де жазылады. Мысал кейіпкері тек адамдар ғана емес, сонымен қатар аңдар да, жәндіктер де, хайуанаттар да әрекет жасайды, себебі сол арқылы адамдардағы жаман қылықтарды, кемшіліктерді сынайды, жақсы қасиеттер мен адамгершілікті дәріптейді. Осындай астарлы тұспалдау арқылы суреттеуді әдебиетте аллегория деп атайды

3- тапсырма Қағаз қиындыларынан топқа берілген мысалдың атын құрастырады, сол арқылы тапсырма орындайды.

1 -топқа «Өгіз бен бақа» мысал өлеңінің тақырыптық – идеялық мазмұнын ашу үшін семантикалық картаны толтырады.

Аллегориялық образ	Жанры	Мінезі жағымды жағымсыз	Мақал	Ой түйін	Тәрбиелік мәні, идеясы
Өгіз Бақа	Мысал	Момын Күншіл	Өлін білмеген әлек		

2- топқа Өлеңнің тақырыптық – идеялық мазмұнын ашу үшін семантикалық картаны толтырады.

Тақырыбы	авторы	Жанры	Аллегориялық образдар	Түйінді ой	Тәрбиелік мәні, идеясы
«Ақку, шортан һәм шаян»	А.Байтұрсынов- тың Крыловтан аудармасы	Мысал	Ақку, шортан, шаян	Істеген ынтымақсыз ісің оңбас	Татулыққа, бірлікке, ынтымаққа тәрбиелейді

3- топқа

ТАПСЫРМА

«Қара бұлт» мысалындағы ғибрат алатын шумақты табыңыз.

«Егер де сол қадарлы жаусаң жерге,

Су берсең шөлдеп тұрған егіндерге.

Көк шығып, жер отайып, егін өсіп,

Қандай зор тиер еді пайдаң елге».

Өлеңдегі негізгі ойды бір сөйлеммен жазыңдар.

Иллюстрациялық бейнелеу (сурет, сызба ретінде көрсету)

Бұл сияқты қолынан келетін істі пайдаға жұмсамайтын адамдар қазіргі өмірде кездесе ме?

Өлеңнен келешекте қажет болатын қандай маңызды қорытынды шығаруға болады?

Талқылауға болатын, ерекше көңіл бөлуге болатын пікірді табыңдар.

4- тапсырма

ВЕНН ДИАГРАММАСЫ

А. Құнанбаев

Композитор, кара сөз жазды, философ, Шыңғыстауда туды, қазақ жазба әдебиетінің негізін салды.

Ақын, қоғам қайраткері, аудармашы, Крыловтың мысалдарын аударды.

А. Байтұрсынов

Мұғалім, оқулықтар жазды, қазақ алфавитіне реформа жасады, қазақ тіл білімінің негізін салды.

5- тапсырма

Ахмет Байтұрсынұлының төмендегі ұйқастарын пайдаланып өлең құраңдар.

.....амандықта,(11а)

.....жарға жықпа.(11а)

.....,(11б)

.....жамандықта.(11а)

«Арыстан, киік һәм түлкі» мысалынан үзінді

4. Жаңа сабақты бекіту: Сабақты сұрақ-жауап арқылы бекіту.

**5. Оқушылардың білімін бағалау ** Оценка знаний: Оқушылардың білімін бағалау

6. Үй тапсырмасын беру: Баланы жұбатуға арналған өлеңдерін жаттау.

«Екі жақты күнделік» кестесін толтыру

Негізгі және қосымша оқулықтар: Қ.Әбдібаев, З.Қабдолов. Қазақ әдебиеті (11-сынып)Ұ.Асыл. Қазақ әдебиеті. Хрестоматия.Өлеңдер жинағы

Оқытушы :
Б.Е.

Молдахметова